



«ТУРАН-АСТАНА» УНИВЕРСИТЕТІ

**БІРЛЕСКЕН МӘДЕНИЕТ
КОДЕКСІ**

АСТАНА 2017

**«ТУРАН-АСТАНА»
УНИВЕРСИТЕТИ» мекемесі**
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Ы. Дүкенұлы көшесі, 29,
тел. 39-67-09, факс 39-81-18
E-mail: turan-astana@mail.ru



**Учреждение «УНИВЕРСИТЕТ
«ТУРАН-АСТАНА»**
Республика Казахстан
010000, г. Астана,
ул. Ы. Дукенулы, 29,
тел. 39-67-09, факс 39-81-18
E-mail: turan-astana@mail.ru

БҰИРЫҚ

ПРИКАЗ

№ _____

«___» ___ 2017 жыл

Бірлескен мәдениет кодексін бекіту туралы

«Тұран-Астана» университетінде мамандар даярлау сапасын жақсартуға және оның білім беру кеңістігіндегі беделін көтеруге бағытталған стратегиясы мен қызметінің негізгі бағдарламаларын саналы түрде қолдауды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тіркеліп отырған бірлескен мәдениет Кодексі бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор Б.К. Аяпбергеновқа жүктелсін және осы бұйрықты университеттің барлық оқу бөлімдері мен проректорларына жеткізсін.
3. Осы бұйрық оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

РЕКТОР

Г.А. ДЖАПАРОВА

КЕЛІСІЛДІ:

Бірінші проректор- оқу-әдістемелік
жұмыс бойынша проректор

К.Ж. Даубаев

Тәрбие және әлеуметтік жұмыс
жөніндегі проректор

Б.К. Аяпбергенов

МАЗМҰНЫ

	бет
1 Жалпы ережелер	4
2 Кодексте пайдаланылатын негізгі ұғымдар	4
3 Университеттің тарихы, бүгінгі күні және болашағы	5
4 Университеттің міндеттік тұғыры	6
5 Бірлескен басты құндылықтыр	6
6 Бірлескен мінез-құлықтың негізгі этикалық ұстанымдары	7
7 Жұмыскерлердің міндеттері	7
8 Бөлімшелер арасындағы өзара қимыл ұстанымдары	8
9 Ұжым мүшелерінің іскерлік этикеті	8
10 Бірлескен рәміздер	13
11 Бірлескен шаралар	13
12 Бірлескен коммуникациялар	13

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл «Тұран-Астана» университетінің (әрі қарай – университет) жұмыскерлері мен білім алушылардың бірлескен мәдениет Кодексі (әрі қарай – Кодекс) университеттің мамандар даярлау сапасын жақсартуға және оның білім беру кеңістігіндегі беделін көтеруге бағытталған стратегиясы мен қызметінің негізгі бағдарламаларын саналы түрде қолдауды қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп отыр.

Университет жұмыскерлері мен білім алушылары бұдан былайғы жерде **ҰЖЫМ** деген жалпы атаумен аталады.

Кодексте ұжымның барлық мүшелеріне қатысты, университет ішіндегі, сондай-ақ одан тыс жердегі лауазымына, мәртебесіне және жүрген-тұрған орнына байланыссыз орындалуы шарт мінез-құлық ережелері мен стандарттары берілген.

Бірлескен мәдениет кодексі университеттің барлық ұжымы үшін күші бірдей құжат болып табылады және алдына мынадай міндеттерді қояды:

- 1) университет ұжымының бірлескен мәдениетін көтеру;
- 2) университет білім алушыларын белсенді қоғамдық жұмысқа ынталандыру;
- 3) университет білім алушыларының бойында жемқорлықтың кез келген көріністеріне теріс көзқарас қалыптастыру;
- 4) университет білім алушыларын діни және саяси бірлестіктердің жұмысына қатысудан бас тартуға иландыра отырып, сапалы білім алу идеясын насихаттау;
- 5) ұжымның Қазақстанның тағдыры үшін жеке жауапкершілігін, азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
- 6) ұжымның жинақтылығын, бәсекеге қабілеттілігін, оңды құндылық бағдарларын, шығармашылық белсенділігін дамыту;
- 7) салауатты өмір салты туралы ғылыми түсініктер қалыптастыру, өздігінен рухани және табиғи жетілу іскерліктері мен дағдыларын дамыту;
- 8) ұлтаралық және әлеуметаралық қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыру, жанжалдардың алдын алу;

9) бірлескен қауымдастық және университет ұжымы мүшесі болғандығына мақтаным сезімін қалыптастыру.

2. КОДЕКСТЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

1) Бірлескен мәдениет – бұл адамдардың университетте өздерін қалай ұстауы керектігін айқындайтын ережелер мен стандарттар болып табылатын ортақ әлеуметтік мүдделердің, сенімдердің, мінез-құлық нормаларының, нұсқаулар мен құндылықтардың жүйесі.

2) Бірлескен рух – бұл жалпы табысқа жеткізетін жеке және ортақ мақсаттар арасындағы қатынасты үйлестіретін, жұмыскерлердің өзін-өзі тану, топтасу, университет мақсаттарының ортақтығын сезіну тетіктері арқылы өз бойына университет ұжымының жеке ерекшеліктерін біріктіретін «Мен» ұғымы.

Бірлескен рух – бұл жеке тұлға мен университеттің өзара жауаптылық рухы, өзінің «қара шаңырағы» үшін мақтаным рухы, барлық жерде университеттің онды беделін барынша қолдап, арттыру рухы.

Бұл университеттің танымалдық факторын, сондай-ақ өндірісте немесе салада беделге ие болып үлгерген мамандар тарапынан университет тұлғаларының мансабын бірлесіп қолдауды қамтамасыз етеді.

Білім алушылар деңгейінде бұл олардың өзін-өзі басқару органының белсенді рөл атқаруынан, оқытудың мазмұны мен сапасын арттыруға белсене қатысуынан, бос уақытын ұйымдастырудан байқалады. Университет білім алушылары болашақ мамандар ретінде ғана емес, сондай-ақ академиялық қоғамдастықтың нақ бүгінгі негізгі серіктестері ретінде қабылдануы тиіс.

Университеттің тұлғалары деңгейінде – бұл университетпен тұрақты байланыста болу, университет пен өздері жұмыс жасайтын мекеменің мақсатын қарым-қатынас орнатуына ықпал жасау, өзі бітірген жоғары оқу орнының өзге де тұлғаларын жұмысқа орналастыру мен олардың қызмет бабымен көтерілуіне көмек көрсету болып табылады.

3) университеттің бірлескен бет-бейнесі бірлескен мәдениеттің негізгі ұстанымдарына сәйкес келетін тұлғалары, стратегиялық мақсаты мен міндеттерінің негізінде қалыптасады.

Бірлескен бет-бейнесінің сыртқы белгілері университеттің объектілерінде (үймереттері мен ғимараттарынан) және субъектілерінде (бірлескен БАҚ-тары мен web-сайттарынан), жарияланымдар мен ақпараттық хабарламаларда көрнекі бейнеленген университеттің бірлескен рәміздерінен (түс, логотип, ту, эмблема, әнұран, фирмалық киім, айырым белгілері мен басқа да элементтер) көрінеді.

4) Жетекшілік – бұл адамды мәдениетті етіп, оны басқаруға ұмтылдыратын нұсқаулар мен дәлелдер: бұл бір топ немесе бүкіл ұжым үшін дәлелдейтін мақсатты ұсыну, топтың мүшелеріне ықпал ету және университеттің белгілі бір көздеген мақсатына жету жолында барлық қолда бар көздерді тиімді пайдалану қабілеті.

5) университетте тәрбие берудің мәні – бұл бірлескен мәдениет нормалары мен құндылықтарына, білім алушыларды жоғары оқу орындары өмірінің нормаларына, университеттің дәстүрлеріне, қалыптасқан қарым-қатынас ерекшеліктеріне баулау.

Университетте тәрбие беру процесін ұйымдастыруда халықтың тілі мен дәстүрлерінің ерекшеліктері, білім алушылардың әлеуметтік мәртебесі мен дүниетанымы ескерілуі тиіс.

Тәрбие беру жұмысы университет ұжымы мүшелерінің айрықша қауымдастығының – **бірлескен рухының** ахуалын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Бірлескен мәдениет пен идеология мәдени-ағарту қажеттіліктерінің, мүдделер мен құндылықтардың негізінде қалыптасады.

Бірлескен мәдениеттің бір бөлігі – бірлескен идеология жоғары бәсекеге, қабілеттілікке, өз ісіне деген сүйіспеншілік пен мүдделілікке, жоғары жетістіктерге жетуге деген тәкаппарлықпен ұштасуы тиіс. Университетте оқытындардың өзімен және әлеуметтік ортамен үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін тәрбиелік орта түзу қажет.

6) Бедел – университеттің ішкі (университет ұжымының санасында қалыптасқан) және сыртқы (келушілердің, серіктестердің, билік органдары мен азаматтық қоғам субъектілерінің санасында қалыптасқан) образы.

7) Тұғыр – университеттің философиясы мен мақсаты, тіршілік ету мәні. Бұдан университеттің өзіне ұқсас оқу орындарынан айырмашылығы, оның не мақсатта және неліктен тіршілік ететіндігінің тұжырымдалған қорытындысы байқалады.

8) Іскерлік әдеп (этика) – бұл өзінің қызметінде университет ұжымының басшылыққа алатын әдеп (этика) нормалары мен ұстанымдарының жиынтығы.

9) Іскерлік тәртіп – университет жұмыскерлерінің әр түрлі іскерлік жағдайлардағы, оның ішінде іскерлік хат-хабарлар алысудағы, іскерлік қарым-қатынастардағы, жұмысқа қабылдау кезіндегі, басшылыққа қайырылудағы және т.с.с. тәртіпке келтірілген мінез-құлық ережелері жүйесін қамтитын мінез-құлық тәртібі.

10) Мүдделер тартысы – тұтас алғанда, ұжымның мүдделері мен бірлескен қарым-қатынастарға қатысатын жекелеген субъектілер немесе субъектілер топтарының мүдделері арасында таңдау жасау жағдайлары.

3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ТАРИХЫ, БҮГІНІ КҮНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

1998 Астана қаласында «Тұран» университетінің филиалы болып ашылды.

2004 жылы «Тұран» университетінің филиалынан «Тұран-Астана» университеті» атты тәуелсіз мекеме болып қайта құрылды.

2007 жылы толық оқыту циклды «Тұран» білім беру корпорациясының құрамына кірді.

Бүгін университет:

1) 16 бакалавриат, 10 магистратура және 1 докторантура мамандықтары бойынша білім беру қызметін көрсетеді;

2) үш оқу ғимараты, жатақхана, спорт және акт залдары бар;

3) профессорлық-оқытушылық құрамы – 110- адамнан астам, соның ішінде: 15 ғылым докторы және 44 ғылым кандидаты.

Университеттің оқу, ғылыми және тәрбие беру жұмысының мазмұнындағы оң өзгерістердің пәрменді факторы ретіндегі университеттің оқытушы-профессорлары мен білім алушылары құрамының бірлесіп атқаратын жұмысының тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін шаралар жиынтығын айқындау университетті дамыту стратегиясының мақсаты болып табылады.

4. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МІНДЕТТІК ТҰҒЫРЫ

Инновация тұрғыдан ой салуға және бәсекеге қабілетті, өзінің кәсіби қызмет саласында оң өзгерістер еңгізе білетін мамандарды даярлау **университеттің тұғыры** болып табылады.

Университеттің міндеті оның білім беруді, ғылым мен өндірісті өзара ықпалдастыру, материалдық-техникалық база мен кадрлар әлеуетін нығайту, оқу үдерісінде осы заманғы әдістемелер мен технологияларды қолдану арқылы кадрлар даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге ұмтылысты бейнелейді.

5. БІРЛЕСКЕН БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Этикалық мінез-құлықты қамтамасыз ету. Біз заң мен әлеуметтік нормаларды сақтаймыз. Құрмет, әдептілік және әділ қарым-қатынас біздің жұмысымыз бен ынтымақтастығымыздың алғышартының маңызды және даусыз қағидасы болып саналады. Біз өзгелерге құрметпен қараймыз және өзімізге де сондай қарым-қатынас болғанын қалаймыз. Біздің қызметкерлер құқықтық міндеттердің сақталуын қолдайды және басқаларға да соны ұсынады. Біз білім беру саласындағы жемқорлыққа қарсымыз. Сіз өз орныңыз осы

жер деп сезіне аласыз ба? Осындай сұрақты өзіңізге қойып көріңізші. Істеп жүрген ісіңіз өзіңізге ұнай ма?

Ашық және адал қарым-қатынас орнату. Біз өз пікірімізді ашық айтамыз және басқалардікін тыңдаймыз. Қалыптан тыс идеяларды, амал, тәсілдерді қолдаймыз және барлық жаңалыққа ашықпыз. Біз саяси ойындар мен шиеленістер туғызбаймыз, өзіміздің қызметтік жағдайымызды жеке бас пайдасына қолданбаймыз. Ашықтық пен адалдық сенімге жетелейтін өзара үздік қарым-қатынасты ынталандыратынын білеміз. Әрқашан әділ әрекет етіп, мейірімді, адал болып, басқалармен қарым-қатынасты әділ бағалап, дұрыс шешім қабылдағанымызға сенімді болу маңызды. Өзіңізден: қанша адамға сізбен жұмыс істеу ұнайды деп сұраңыз. Олармен неғұрлым ашық және адал болатындай қарым-қатынасты қалай орната аласыз?

Тәртіп пен жүйелілікті қолдау. Біз барлық істе тәртіп пен жүйелілікті пайдаланамыз. Не істеу керек, нені істеуге болмайды деген аралықты нақты анықтай аламыз. Өзіміздің бизнес-үдеріске ерекше көңіл бөлеміз. Біздің ісімізде ұсақ-түйек болмайтынын білеміз. Біз басшыдан емес, орнатылған ережені бұзудан қорқуға үйретеміз. Білім беру қызметін көрсетуде адалдықты қамтамасыз ететін біздің барлық бизнес-процестерімізді автоматтандыруға ұмтыламыз. Өзіңізден: университеттің миссиясын, болашағын және стратегиясын түсінесіз бе деп сұраңыз.

Оқу мен өсуді қолдау. Біз қызметкерлеріміздің тұлға ретінде де, кәсіби салада да өсуі керек деп есептейміз. Үнемі өзгеріп отыру маңызды, өзіңіздің өскеніңізді немесе бірдене үйренгеніңізді сезінбейтін жұмыспен ымыраласуға болмайды. Біздің қызметкерлердің әлеуетінің өздері ойлағаннан әлдеқайда зор екендігіне сеніміміз мол. Мақсатымыз – сол әлеуеттің ашылуына көмектесу. Бірақ оны бірлесіп күш жұмсағанда ғана жүзеге асыру мүмкін: өз әлеуетімізді ашу үшін алдымызға асқақ мақсаттар қоя отырып, өзгеруге тиіспіз. Бұл, әрине, қиын. Дегенмен, қиын істі қолға алмасақ, бізде өсу еш уақытта болмайды. Сондықтан, үйрене, өзгере білу және жаңаны жасау, бұл – университет үшін жасайтын және қолынан келетін әркімнің игілікті ісі. Өзіңізден: кешеге қарағанда бүгін жақсара түстім бе деп сұраңыз.

Жағымды командалық рух және отбасылық жағдай орнату. Өзіміздің корпоративтік мәдениетімізге ерекше назар аударамыз, себебі, біз командалық, тіпті – отбасымыз. Біз бір-бірімізге қараймыз, бірімізге біріміз қамқор боламыз, бір-біріміз үшін үлкен іс тындыруға дайынбыз, себебі бір-бірімізге сенеміз, үміт артамыз. Біз бірге жұмыс атқарамыз және де бірге демаламыз. Көптеген басқа әдеттегі қызметкерлердің қарым-қатынасына қарағанда, бізді біріктіретін күш әлдеқайда мықты. Өзіңізден: әлде де тығыз ынтымақтастықта болатын командалық жұмысты қалай ынталандыруға болады деп сұраңыз. Командалық рухқа үлгі бола аласыз ба?

Аз құралмен көп іс тындыру. Жұмыс жайлы мәселеге біз салмақты қараймыз және бүкіл назарымыз сонда. Біз өз істерімізді жақсартуға мүмкіндіктің бар екендігіне сенеміз және оны түсінеміз. Бәсекелестік ортада алды болу үшін біз үнемі инновациямен айналысуымыз қажет, сондай-ақ, неғұрлым тиімді еңбек етуге тырыса отырып, өзгеріс енгізуге тиістіміз. Өзіңізден: жұмысыңызды қалай тиімді атқаруға болады деп сұраңыз. Оқу орны бөлімшелерінің және тұтас университеттің тиімді жұмыс атқаруына жеке өз басыңыз қалай көмектесе алады?

6. БІРЛЕСКЕН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Университетті басқару принциптері көбіне оның инновациялық қызметіне сәйкес ұйымдастырылған, ал бұл университеттің алдағы міндеттеріне және оларды шешуге ұжымды жұмылдыратын бірлескен жаңашылдық басқару стилін айқындайды.

Университет өзінің адам қорын табысты қызмет атқару көзі ретінде қарастырады. Мұнда жұмыскерлердің жеке мүдделері ескеріледі, жұмыскердің қуатын дамытуға, оны әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз етуге назар аударылады. Жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы қатынас ұзақ мерзімдік өзара әрекеттестік, шартта көрсетілген өзара

міндеттерді құрметтеу және орындау ұстанымдарында жүргізіледі.

Университеттің барлық жұмыскерлерінің лауазымдық өсу, өз қабілеттерін жүзеге асыру саласында тең мүмкіндіктері бар. Лауазымдық өсу жағдайлары және оның ойдағыдай шешілуіне ықпал ететін факторлар да университетте жалпыға бірдей қабылданған.

Университетте адамдардың қадір-қасиетін қорлайтын кез келген әдіске, кемсітушілік пен тамыр-таныстық орнықтырудың барлық түрлеріне жол берілмейді. Жеңілдіктер беру мен мадақтаулар жасау ашық түрде, мүмкіндіктердің теңдігі негізінде және ортақ мақсатына жетуге әрбір жұмыскердің қосқан үлесіне қарай шешіледі.

Университетте тиімді жетекшілік ету тәжірибесіне қолдау көрсетіледі, ал ол барынша перспективалық идеялар мен бағыттарды көре білуден және орынды тәуекелге бара алудан тұрады.

Университеттің кез келген жұмыскері бірегей тұлға ретінде қарастырылады, сондықтан университеттегі менеджмент әркімнің жеке ерекшеліктеріне назар аударуға негізделген. Барлық жұмыскерлер университеттің қамқорлығына алынған, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғалады және өз мәселелеріне басшылық тарапынан барынша түсіністікке ие болады.

7. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Әрбір жұмыскер еңбегінің мақсаты – жоғары кәсіптік нәтижелерге қол жеткізу.

Әрбір жұмыскер ұжымның лайықты өкілі болуға тырысады, ол жоғары оқу орнын басқарудың стратегиясы мен тактикасын бірге бөліседі, мәлімделген бірлескен мақсаттардың жүзеге асырылуы үшін өзіне жауапкершілік қабылдайды және университет қызметінің нәтижеге жетуін қамтамасыз етеді.

Университет жұмыскерлері өз әріптестеріне, білім алушылар мен олардың ата-аналарына, серіктестер мен жұмыс берушілерге ілтипатпен қарайды, сондай-ақ бірлесе тиімді жұмыс істеуге ынталылығымен көзге түседі.

Университет жұмыскерлері жеке басының мүдделерінен немесе пайдасынан артық көре отырып, университеттің мүддесіне нәтижелі қызмет етеді.

Университетте жұмыс істеу онда жоғары нәтижелі еңбек етуді көздейді, ал бұл жоғары оқу орны беделінің нығаюына септігін тигізеді.

Уақыт талабынан туындайтын өзгерістерге даяр болу, сондай-ақ жігерлілік пен тапсырманы шығармашылықпен орындауға бағдар ұстау жұмыскердің бойындағы маңызды қасиет болып келеді. Бұл дербестік, тапқырлық, пысықтық секілді қабілеттердің болуын қажет етеді.

Кез келген деңгейдегі проблемалар мен міндеттерді шешуде жұмыскердің бастама көрсетуі, іс-әрекеттерді оңтайландыруға және білім беру элементтерінің сапасын арттыруға бағытталған идеялар беріп отыруы әкімшілік тарапынан қолдау табады.

Жұмыс барысында туындайтын проблемаларды шешуде университет жұмыскерлері ең алдымен осы Кодекстің және азаматтық құқықтарды қорғайтын басқа құжаттардың принциптері мен қағидаларын басшылыққа алады.

Университет жұмыскерлері оның мүдделеріне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермейді, әріптестерінің жеке өміріне араласпай, оны құрметтейді.

8. БӨЛІМШЕЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ҚИМЫЛ ҰСТАНЫМДАРЫ

Жұмыста ең жақсы нәтижелерге жету үшін университет өзінің барлық бөлімшелерін бірлестіруге тырысады.

Университеттегі әртүрлі бөлімшелер жұмыскерлерінің өзара қарым-қатынастарының жобаларды бірлесе орындау, жұмыс мәселелерін бірлесе талқылап, шешу, бағыттарды, инновацияларды тұжырымдау, сондай-ақ демалу шараларын бірлесіп өткізу секілді түрлі формалары қолдау тауып, мадақталып отырады.

Университеттің қызметі бөлімшелердің жасампаздықпен және жинақылықпен жұмыс

істеуін алда тұрған міндеттерді барынша тиімді шешу үшін олардың құрылымын тиісінше өзгертіп отыруды көздейді.

Әрбір жаңадан қабылданған жұмыскердің ұжымға дұрыс бейімделуі ескеріледі, осы мақсатта жұмыскердің шығармашылық және адами қабілеттерін ашып көрсетуіне жағдайлар туғызуға бағытталған жеке шаралар қолдану ұсынылады.

9. ҰЖЫМ МҮШЕЛЕРІНІҢ ІСКЕРЛІК ЭТИКЕТІ

9.1. Ұжымдағы қарым-қатынастар

Ұжымның тығыз топтасқандығы және әрбір жұмыскердің ортақ нәтижеге жетуге тікелей атсалысуы ағымдағы және келешектегі міндеттерді тез әрі аз шығын жұмсай отырып шешуге мүмкіндік береді, бұл жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін және оның білім беру кеңістігіндегі тартымдылығын арттырады.

Өз жұмыскерлерінің еңбегі арқылы университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жұмыскерлердің бірлескен ұжымдық жұмысын ұйымдастыру және олардың біліктілігін көтеру жолымен жүзеге асады. Команда ішінде жұмыс істей білу қабілеті қашан да қолдау тауып отырады.

Университет басшылығы мен оған бағынышты жұмыскерлердің өзара қатынасы мен жұмыс мәселелерін шешуде кез келген тараптың жеке басының ықпал етуіне жол берілмейді. Шешімдерді қабылдау мақсатқа сәйкестілік пен әділеттілік принциптеріне сәйкес келуі тиіс.

Алда тұрған нақты міндеттерді шешу үшін уақытша жобалау топтарын құру туралы ұсыныстар әкімшіліктен қолдау табады.

Университет ұжымы өздерінің іс-әрекеттері өзгелерге нұқсан келтірмеуі туралы қамқорлық жасауға, жалпы жұрт мойындаған және бірлескен әдеп нормаларын орындауға міндеттенеді.

Жайлы жұмыс жағдайын ұйымдастыру үшін университет ұжымына іскерлік этикеттің мынадай нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

- 1) бір біріне құрметпен қарау;
- 2) әріптестеріне, басшыларға және бағынышты жұмыскерлеріне «Сіз» деп, өзінің және әкесінің атын атап қайырылу;
- 3) жұмыс уақытында өзінің қызметтік міндеттеріне қатыссыз істермен айналыспау;
- 4) әріптестеріне өзінің көңіл күйінің нашарлығын көрсетпеу;
- 5) бейпіл ауыз сөз айтпау, ұстамсыздықпен күш көрсетпеу;
- 6) жақсы орындаған жұмысы үшін әріптестерді шын жүректен мақтап отыру;
- 7) өзінің әдепсіз мінез-құлқы үшін қашан да кешірім өтіну;
- 8) достық қатынасты жұмыс жағдайына араластырмау;
- 9) әріптестерге көмектесу, білім және тәжірибе алмасу;
- 10) өзінің лауазымдық өсуі мәселелерін тікелей басшымен ғана талқылау;
- 11) өздері жоқ кезде әріптестерінің жеке немесе кәсіби қабілеттерін талқыламау.

9.2. Жетекшілер мен бағыныштылар арасындағы қатынастар

9.2.1. Бағыныштылармен сөйлесу кезінде **жетекшілерге** іскерлік этикеттің мынадай нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

- 1) бағыныштыларға әдеппен іскерлік этикеттің нормалары мен ережелерін жақсы игеру өнегелерін көрсету;
- 2) өзге жұмыскерлердің көзінше бағыныштыларды сынамау, оны жеке өзіне білдіру;
- 3) бағыныштылар алдында өзінің қателіктерін мойындай білу және оларды өзінің атына айтқан сындарлы сыны үшін қудаламау;
- 4) қол алысуда сәлемдесу үшін бірінші болып қол ұсыну;
- 5) бөлмеге кіргенде жетекші ондағылармен бірінші болып сәлемдеседі.

9.2.2. **Бағыныштыларға** мынадай әдептер ұсынылады:

- 1) егер Сіз жұмыс орнына ұзақ уақыт келе алмайтын болсаңыз, ол туралы тікелей

жетекшіңізге хабардар етуіңіз керек;

2) әріптестеріңіздің көзінше жетекшіңіздің әдепсіз мінез-құлқына жауап қайтармаңыз. Егер өзіңіздің дұрыстығыңызға сенімді болсаңыз, одан жеке кездесуге рұқсат сұраңыз;

3) университет басшыларының түсін танып, аты мен әкесінің атын біліп алыңыз;

4) университет басшылары немесе ресми қонақтар қызмет бөлмелеріне кіргенде олармен орныңыздан тұрып сәлемдесіңіз;

5) дәлізде немесе ашық аумақта жетекшіні кездестіргенде бірінші болып сәлемдесіңіз;

6) сәлемдесу үшін жасы немесе лауазымы үлкен адам бірінші болып қол ұсынатынын есте сақтаңыз;

7) бөлмеге кіргенде ондағылармен бірінші болып сәлемдесіңіз.

9.3. Оқытушы әдебі (этикасы)

Оқытушы білім алушылардың еліктеуі үшін үлгі болуға тырысуы тиіс. Ол өзінің сырт келбеті мен сөйлеген сөзін қадағалап отыруға міндетті. Оқытушы рухани мәдениет пен зиялы қауымның таңдаулы дәстүрлерін таратушы болуға тиіс.

Сабаққа немесе дәріс оқуға кешігіп келуге мүлде болмайды. Егер оқытушы сабақтың басталуына кешігетіндей болса, онда аудитория алдында кешірім өтінуі тиіс, ал дәріс оқи алмайтын немесе сабақты толық көлемде жүргізе алмайтын жағдайда білім алушыларға бұл олқылықты өздерінің жеке уақыты есебінен толықтыруды ұсыну керек.

Оқытушы университет қабырғасында жүрген кезінде әріптестеріне тілектестікпен және ілтипатпен қарау мінез-құлқ нормасына айналуы тиіс.

Оқытушы университет қабырғасынан тыс жүргенде де өзінің ерекше қоғамдық мәртебесі – жастардың рухани және өнегелі тәлімгері екенін және университет өкілі екенін ұмытпауы тиіс. Осыған орай оқытушы өзінің мінез-құлқын бақылауға алып, жеке өзі мен университеттің беделін түсіруге жол бермеуі тиіс.

Оқытушының білім алушыларға қатысты мынадай әрекеттер істеуіне болмайды:

1) білім алушылардың жеке ар намысын кемсітуге, оларға дауыс көтеруге, сырт келбеті мен киіміне жұрт алдында ескертулер жасауға;

2) білім беру қызметі үшін қосымша ақы талап етуге;

3) оқу сабақтары үстінде саяси немесе діни үгіт жүргізуге тыйым салынады.

9.4. Білім алушылар әдебі (этикасы)

Университетте оқу жылдары қажетті кәсіптік білім жинақтау уақыты ғана емес, сондай-ақ болашақ мамандардың маңызды зияткерлік, мәдени және рухани кезеңі де болып саналады.

Білім алушылар мен оқытушылардың арақатынастары бірін-бірі өзара құрметтеу принциптерінде жүргізіледі, мұнда дәрекілікке, бейпіл ауыз сөз сөйлеуге, өзгелердің арнамысы мен қадір-қасиетін кемсітуге, оларға моральдық және материалдық нұқсан келтіруге, құқыққа қарсы әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Білім алушылар мен оқытушылардың түрлі қарым-қатынас түрлеріне – оқу мәселелерін бірлесе талқылап шешуіне, жобаларды орындауына қолдау көрсетіледі.

Оқу үдерісі барысында туындайтын проблемаларды шешуде университет білім алушылары ең алдымен әділеттік принципін басшылыққа алады.

Білім алушылардың оқылатын курстар бойынша барлық ақпаратты алуына және ақпаратты ұдайы жаңартып отыруына мүмкіндіктері бар. Олардың бағдарламада көзделген курсты толық көлемде тыңдау құқығы бар.

Білім алушылар университеттің өздерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысы бар барлық ережелері мен нұсқауларын білуге міндетті. Олар нұсқаулар мен ережелерге қолдары жететінін біледі.

Білім алушылар сабақтардан қалмауға, оқу жоспарларында көзделген тапсырмаларды орындауға, аралық және қорытынды бақылаудан дер кезінде өтуге міндетті.

Университет қабырғасына кірген білім алушылар адамның жасына немесе мәртебесіне қарамастан, олардың барлығымен сәлемдесуге міндетті. Білім алушылар

олардан оқитын немесе оқымайтынына қарамастан, университет жұмыскерлерімен, оқытушыларымен бірінші болып сәлемдеседі. Егер университеттің кіреберіс есігі алдында, өткізу пунктінде, лифттің алдында кезек пайда болса, білім алушылар оқытушыларға, жігіттер – қыздарға жол беруі тиіс.

Университет ішіне кірген жігіттер бас киімдерін қолға алып, сырт киімдерін киім қабылдау пунктіне тапсыруы керек. Оқу аудиторияларында, асханада және жалпы жұрт пайдаланатын басқа орындарға сырт киіммен кіруге болмайды.

Білім алушыларға сабаққа таза киініп, таранып келу ұсынылады. Іскерлік стильге басымдық беріледі, өте ашық киім немесе хиджаб кию қолдау тапбайды. Сабақ уақытында (дене шынықтыру және спорт сабақтарынан басқа реттерде) шорт немесе спорт киімімен жүруге тыйым салынады.

Білім алушылар сабақтарға кешікпей келуге міндетті. Кешіккен білімгер кешірім өтініп, жұрттың назарын аудармастан, аудиториядағы өзіне ең жақын орынға отыруы тиіс.

Оқытушының тәртіп бұзған білімгерді сабақтан шығарып жіберу құқығы бар. Білімгер оқытушымен керіспей, оған бағынуға міндетті. Сабақтан соң кішіпейілділікпен түсінісіп, оқытушыдан кешірім сұрау қажет.

Білім алушылар университет қабырғасында ғана емес, сондай-ақ одан тыс орындарда да айналасындағыларға құрметпен қарауы тиіс. Қоғамдық көлікте мүгедектерге, егде адамдарға, кішкентай балалы жолаушыларға, жігіттер – қыздарға отыратын орын ұсынуы тиіс.

Тамақты аудиторияда емес, оған әдейі арналған орындарда ішу керек. Үстел үстінде қоқыс қалдыруға, түкіріп, ластауға, шайнайтын сағызды қалдыруға болмайды.

Оқу сабақтары мен кез келген ресми шаралар кезінде ұялы телефонның дыбыс белгісі өшірулі немесе дірілдеу режиміне көшірулі болуы тиіс.

Жиналыс, салтанатты мәжіліс, іскерлік кездесу, концерт, мейрам секілді әр түрлі шараларда шығып сөйлеушілерге құрметпен қарап, тыныштықпен тәртіп сақтау керек. Қажет болған жағдайда сөйлеушілер арасындағы үзілістерде залдан шығуға болады.

Білім алушылар отбасында ата аналарының пікіріне құлақ асуы, әдепсіздік көрсетпеуі және отбасындағы үлкендердің пікіріне менсінбей қарамауы тиіс. Даулы сәттерде мәмілеге келетін нұсқаларды тапқан жөн.

Білім алушылар университет оқытушылары мен жұмыскерлерін аты және әкесінің атымен атауы керек. Өзара сөйлесуде оқытушылар мен білім алушылар бір-біріне «Сіз» деп қайырылуы тиіс.

Сабақ өткізу барысында білім алушылардың оқытушының сөзін бөлуіне болмайды. Егер білімгердің оқытушыға қайырылғысы келсе, ол қолын көтеріп, оқытушының жауапты реакциясын күтуі керек.

Білім алушылар көлемді сөмкелерін арнайы бөлінген орынға қоюы тиіс, егер ондай орын болмаса, өзгелерге кедергі келтірмейтіндей етіп, өз орнының қасындағы еден үстіне қоюға тиіс.

Білім алушылар өзара сөйлесуде аса кішіпейіл болып, жолдастарын қорламауы, кемсітпеуі, сондай-ақ дөрекі мінез көрсетпеуі керек.

Оқу үдерісінде өзара көмек көрсету, ал сөйлесуде шынайылық, ашықтық және төзімділік мақұлданады.

Төменгі курстың білім алушыларына кемсіте қарауға және менмендік көрсетуге болмайды.

Өз тобында, курсында, факультетте шығармашылық, жұмысқа қабілетті және достық ахуал орнату қолдау табады. Жеке дара жетекшілік рөл көрсету ұжымдық жасампаздық үрдіске ұласуы, оның бұзылуына жол бермеуі тиіс.

Салауатты өмір салты, зиянды әдеттерден арылу болашақ мамандардың лауазымдық өсуін қамтамасыз ететін қосымша факторлар болып табылады. УНИВЕРСИТЕТ білімгері болу – зор құрмет және үлкен жауапкершілік.

Мәдениет, ақыл-ой, өнегелілік – университет білім алушыларының түйінді мінездемелері.

Білім алушы мынадай әрекеттер жасамауы тиіс:

- 1) алдау мен арамдыққа ұштасатын немесе оқытушыларды шатастыратын кез келген іс әрекеттерге қатысуға;
- 2) оқытушыларды, жұмыскерлер мен жолдастарын сыйламауға;
- 3) дәлелді себепсіз сабақтан қалуға және оған кешігуге;
- 4) оқытушының рұқсатынсыз сабақ кезінде аудиториядан шығып кетуге;
- 5) спирттік ішімдіктер ішуге немесе шылым шегуге болмайды.

9.5. Жиналыстар мен кеңестер өткізу

Жиналыстар мен кеңестер – ынтымақтастықтың алқалық шешімдер қабылдауға қажетті негізгі түрлері. Жиналыстар мен кеңестер өткізуде оларға бөлінген уақытты барынша тиімділікпен пайдалану керек. Ол үшін ұжымның барлық мүшелеріне этикеттің мынадай нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

- 1) жиналысқа уақытында келу;
- 2) алдын ала күн тәртібімен танысып, барлық қажетті материалдарды, дайындалған сұрақтарды немесе түсіндірмелерді өзімен бірге ала келу;
- 3) жиналыс немесе кеңестің университет басшыларының кабинетінде өту барысында ұялы телефонды қабылдау бөлмеде қалдыру;
- 4) ұжымдық жиналыс немесе кеңеске ұялы телефонсыз келу, болған жағдайда оны сөндіру;
- 5) егер сізге залдан шығу немесе одан соң залға кіру қажет болса, дауыстамай кешірім сұрау;
- 6) жиналысты жеке басыңыздың мәселелерін шешетін мінбе ретінде пайдаланбау;
- 7) әрқашан сөз сөйлеуіңізге қанша уақыт бөлінетінін алдын ала анықтау керек. Регламенттен асып кеткені туралы жиналыс төрағасы еске салады;
- 8) келесі шешендердің уақытын қысқарту есебінен өз сөзіңізді созып жібермеу;
- 9) шешенді таныстырарда оның аты жөнін, лауазымын, оның сөйлеуі мен тақырыбының негізін атау керек.

9.6. Телефон арқылы сөйлесу

Жұмыскерлердің әріптестерімен, серіктестерімен және басқа мүдделі адамдармен телефон арқылы сөйлесу икемділігі тұтас алғанда университет туралы жағымды әсер қалдырады. Телефон арқылы сөйлесу барысында жұмыскерлерге іскерлік этикеттің мынадай нормалары мен ережелерін басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) телефонның қоңырауына мүмкін болғанынша тез жауап беру қажет;
- 2) іскерлік серіктестерге немесе әріптестерге қоңырау шалуда өз атыңызды, лауазымыңыз бен бөлімшеңізді атауыңыз қажет;
- 3) телефон арқылы сөйлесе бастағанда хабарласқан уақытыңыздың қолайлы-қолайсыздығын сұрау ұсынылады;
- 4) қашан да сұхбаттасыңызды зейін қоя тыңдауыңыз қажет, егер әңгімені жалғастыруға уақытыңыз тығыз болса, кешірім сұрап, оның қайта хабарласуын өтінізіз;
- 5) телефон арқылы сөйлесуді, әдетте, хабарласқан адам аяқтауы керек;
- 6) әлде біреулердің жұмысына жеке мәселелер бойынша хабарласу орынсыз болады;
- 7) автоматты жауап беретін телефонға хабар қалдыруда қоңырау шалған күніңізді, уақытты, атыңызды, университеттің атауын атаңыз, одан соң хабарласудың мақсатын қысқаша баяндаңыз;
- 8) егер Сіз көлемді ақпарат бермек болсаңыз, электрондық поштаны немесе факсті пайдаланыңыз;
- 9) керекті адам орнынан табылмаса, қай кезде хабарласудың ыңғайлы болатынын сұрап біліңіз немесе өзіңіздің атыңыз бен телефоныңыздың нөмірін қалдырыңыз;
- 10) егер осы сәтте орнында жоқ сіздің әріптесіңізге қоңырау шалынса, оны табуға көмектесіңіз немесе оған арналған хабарламаны қабылдап алып, кімге және қашан хабарласу керектігін анықтаңыз;

11) егер сөйлесу барысында байланыс үзіліп кетсе, онда қоңырау шалған адамның қайталап хабарласқаны жөн;

12) егер қоңырау шалушы нөмірді қате терген болса, оның терген нөмірін байыппен сұрап алып, хабарласқан адамды түзетіңіз.

9.7. Әріптестер мен серіктестерді таныстыру

Университет жұмыскерлеріне әріптестер мен серіктестерді таныстыруда этикеттің мынадай нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

- 1) лауазымы кіші жұмыскерді лауазымы үлкен жұмыскерге таныстыру;
- 2) мәртебесіз адамды мәртебелі адамға таныстыру;
- 3) лауазымдары тең адамдарды бір-біріне таныстыруда Сізге аса таныс емес адамды өзіңіз жақсы білетін адамға таныстыру;
- 4) егер Сізді таныстыратын серіктесіңіз немесе әріптесіңіз есіміңізді ұмытып қалса, ыңғайсыз жағдай тудырмау үшін, оны өзіңіз атай қойыңыз;
- 5) Сіз таныстыратын адам туралы деректерді ол өзін қалайша таныстыруды қалайтынын анықтап алып, алдын ала жинастыру ұсынылады;
- 6) әріптестердің іскерлік карточкасын зейін қоя, кішіпейілділікпен қабылдау керек;
- 7) өзі таныстыратын адамды немесе ұйымды есте сақтау керек болса, оның іскерлік карточкасын сұрап алуға болады.

9.8. Іскерлік киім

Ұжымның әрбір мүшесінің сырт келбеті - университет беделінің негізі. Іскерлік киім киюдің мынадай ережелерін басшылыққа алу ұсынылады:

- 1) іскерлік киімнің стилі сыпайы болуы тиіс;
- 2) киім жинақы болуы және іскерлік киімнің әлемде қабылданған стандарттарына сәйкес болуы қажет;
- 3) мүмкін болса, жарқыраған әсіресе оғаш түстерден аулақ болған жөн;
- 4) әйелдер қысқа юбка киюден, ала-бажақ ашық түсті әлеміштердің және арқасы мен иығын жаппайтын киім киюден сақтанғаны жөн.

9.9. Тартулар мен көрсетілетін қызметтер

Университет жұмыскерлеріне оқу орнының білім алушылары мен серіктестерінен немесе үшінші тұлғалардан жақсы қатынасы, көрсеткен қызметі немесе берген кеңесі үшін алғыс ретінде кез келген түрде сыйлық немесе қызмет қабылдауға немесе беруге болмайды.

Сыйлықтар берудің немесе алудың өзі жанжал тудыратын жағдайдан аулақ болу қажет. Сомасының шамасына қарамастан, кез келген түрде тарту ретінде ақша алуға қатаң тыйым салынады.

Егер белгілі бір жағдайда (мысалы, тұсаукесер, таныстыру үстінде немесе басқа бір қоғамдық ірі шара ұйымдастыру кезінде) университеттің ресми өкілі ретінде тарту ұсынылған немесе қызмет көрсетілген болса, олардан бас тарту серіктестік қатынастарға нұқсан келтіретін болса, онда мұндай тартуды қабылдаудың сөкеттігі жоқ, бірақ ол туралы тікелей басшыға хабарлау қажет.

Университеттің өз серіктестеріне ұсынатын тартулары мен қызметтері оның жеке жұмыскерлерінің тартуы емес, тұтас алғанда, бүкіл университеттің атынан жасалған тарту ретінде беріледі.

Көптеген жағдайларда университеттің рәміздері салынған заттар тартулар ретінде пайдаланылуы тиіс.

Едәуір төменгі әкімшілік деңгейдегі жұмыскерлерден тартулар қабылдауға тыйым салынады. Тартуларды тең немесе едәуір жоғары әкімшілік деңгейдегі жұмыскерлерден қабылдауға рұқсат етіледі.

10. БІРЛЕСКЕН РӘМІЗДЕР

Бірлескен символдар бірлескен мәдениеттің маңызды жүйе түзуші элементтерінің бірі болып табылады. Олардың сапасының өлшемі – оңай танылатындығы, көркем және эстетикалық құндылығы.

Университеттің бірлескен символдары барлық бөлімшелер үшін бірыңғай. Оларды өзгерту тек өте қажет жағдайда әрі университет басшылығының рұқсатымен ғана мүмкін.

11. БІРЛЕСКЕН ШАРАЛАР

Университетте дәстүр бойынша мынадай бірлескен шаралар өткізу қабылданған:

- 1) Жаңа жылға арналған кеш;
- 2) «Халықаралық әйелдер күні» және «Отан қорғаушылар күні» мемлекеттік мерекелерге арналған шаралар.
- 3) университеттің туылған күніне арналған кеш.

12. БІРЛЕСКЕН КОММУНИКАЦИЯЛАР

Бірлескен мәдениет Кодексінің оның стандарттары мен нормаларын енгізу үдерісі осы заманғы ақпараттық коммуникацияларды дамытумен ұштастыра жүргізілуі тиіс. Бірлескен коммуникациялар жүйесі университетте өтіп жатқан нақты оқиғалардың толық және жеткілікті бейнеленуін қамтамасыз етуі тиіс.

Бірлескен коммуникациялар құралдарына мыналар жатады:

- 1) Ішкі бірлескен байланыс;
- 2) web портал;
- 3) электрондық кітапхана.